

27 Тамыз  
Сейсенбі,  
2024 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930  
жылдың  
қараша айынан  
бастап шығады

## Ойыл

## СУ ТАСҚЫНЫНАН ЗАРДАП ШЕККЕН ТҰРҒЫНДАР

## ЖАҢА ҮЙЛЕРДІҢ КІЛТТЕРІН АЛДЫ

СУ ТАСҚЫНЫНАН ЗАРДАП ШЕККЕН ТҰРҒЫНДАР БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ. ТАҒЫ 21 ОТБАСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ОЙЫЛ АУЫЛЫНДА ЖАҢА ҮЙ ИЕЛЕРІ АТАНДЫ. ҮЙЛЕР EURASIAN RESOURCES GROUP (ERG) ҚҰРЫЛТАЙШЫ-АКЦИОНЕРЛЕРІ БӨЛГЕН ҚАРАЖАТҚА САЛЫНҒАН. ЖАЛПЫ, ERG КОМПАНИЯСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫНДА ОЙЫЛ, ҚАРАТАЛ, АҚКЕМЕР, КЕМЕР, АҚЖАР ЖӘНЕ БЕСТАМАҚ АУЫЛДАРЫНДА 172 ҮЙДІ ҚҰРЫЛЫСЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРДЫ.



Ырғыз ауданында Ырғыз, Нұра және Мамыр ауылдарында су тасқынынан зардап шеккендерге арналған 120 үйдің құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Қаражат Мұғалжар, Қобда, Темір, Ойыл және Ырғыз аудандарында, Ақтөбе қаласында тұрғын үйді сатып алуға берілген болатын. Мемлекет басшысының және жөндеуге бағытталды. Қоныс иелерінің қуанышына аудан әкімі Асқар Қазыбаев, «ERG» компаниясының өкілі, Ақтөбе ферро қорытпа зауытының директоры Ержан Абдоллабеков пен мердігер компаниялардың өкілдері ортақтасты. Салтанатты шарада тұрғын үй кілтімен қоса мердігер компаниялар атынан жаңа қоныс иелеріне тұрмыстық техникалар табысталды. Ал аудан басшысы құттықтау сөзінде «Бүгін біз су тасқынынан зардап шеккен отбасыларға ар-

налған жаңа үйлерді табыстау мақсатында жиналып отырмыз. Өздеріңіз білетіндей, осыған дейін аудан көлемінде қалпына келтіру жұмыстары аясында Саралжын ауылдық округінде үйлер пайдалануға берілген болатын. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес барлық жұмыстар мерзімінде орындалуда. Тұрғын үйлер құрылысында жерлестеріміздің жайлылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін салаға ерекше назар аударылғанын атап өткім келеді» - деп жерлестеріне төзімділік пен шыдамдылық танытқаны үшін, сондай-ақ мердігер компанияларға сапалы нәтиже көрсеткені үшін алғысын жеткізді. Қаржыландыру «Қамқор-Ақтөбе 2024» қоры арқылы жүзеге асырылуда. Құрылыс қарқынды жүріп жа-

тыр. «ERG 30 жылдан бері елмен бірге дамып, жұмысын жүргізіп келеді. Біздің миссиямызда бізге сенім артқандардың

Тұрғындарға жаңа үйлерін табыстау салтанатына аудан басшылығы, ERG өкілдері қатысып, халықтық «Ақ әже» ансамблінің әжелері құттықтап, жаңа үй ішіне шашу шашты. «Үйіміз жақсы ұнады, қуаныштымын. Бүгін, міне пәтеріміз пайдалануға беріліп жатыр. Барлық жағдай жасалған. Суы, тоғыз газы келіп тұр. Қиын қыстау кезде қол ұшын созған жанашыр жандарға, басшылыққа, ел тізгінін ұстаған азаматтарға үлкен рахметімізді айтамыз. Отбасымызға құтты қоныс болсын», - деп қуанышымен бөлісті Екпептал ауылының тұрғыны Ақерке Қитанова. Құрылыс жұмыстарын жүргізген мердігер компания өкілдері өз кезегінде тұрғын үй иелеріне тұрмыстық техника табыс етті. Өткен аптада Кемер ауылында 2 үй пайдалануға берілген бо-

латын. өркендеуін қамтамасыз ету туралы жазылған. Сондықтан еуразиялықтар біздің кәсіпорындарымыз орналасқан туған өңірлеріміздің тұрғындары тап болған қиындықтан шетте қала алмады. Бүгін біз апаттан зардап шеккендердің

жаңа тұрғын үй кілттерін алғанына қуаныштымыз», - деп атап өтті ERG компаниясының өкілі, Ақтөбе ферроқорытпа зауытының директоры Ержан

Абдоллабеков. Айта кетерлігі, аудан бойынша 174 үй салынууда, 133 дайын үй сатып алынған. Ал, қалған құрылыс жұмыстары биылғы жылдың қыркүйек айында аяқталып, қолданысқа беріледі деп күтілуде.

Аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы Қазыбаевтың Аудан халқына Қазақстан Республикасы Конституциясы күні мерекесімен құттықтауы



КОНСТИТУЦИЯ  
КҮНІМЕН!  
С ДНЕМ  
КОНСТИТУЦИИ!

Құрметті аудан тұрғындары!

Сіздерді Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен шын жүректен құттықтаймын! Қастерлі Ата Заңымыз - тәуелсіздігіміздің тірегі, табысты дамуымыздың кепілі. Ол бейбітшілік пен берекелі өмірдің, заңның үстемдігі мен әділеттіліктің тұғыры болып саналады. Егемен еліміздің өсуі мен қалыптасу жылдары ізденіс пен жетістік кезеңі болғаны баршаңызға мәлім. Конституция осы уақыт ішінде талай белестерді бағындырған мемлекетіміз бен қоғамымыздың одан әрі дамуының ұйытқысы болды. Бүгінде уақыт сынынан сүрінбей өткен Қазақстан Республикасы дүние-ежүзілік қоғамдастықта лайықты орнын алып отыр. Ата Заңның арқасында Тәуелсіз еліміз толайым табыстарға қол жеткізді. Ата Заңымызбен ата дәстүрімізді жалғастырып келе жатырмыз. "Есім ханның ескі жолы", "Қасым ханның қасқа жолы", Тәуке ханның "Жеті жарғысынан" бастау алатын Ата заң жиырма бірінші ғасырдың шақыруларына лайықты жауап беретін басты құжатымызға айналды. Бүгінгі күні Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен Тәуелсіз еліміз жаңаша қадамға жол ашып келеді. Ата Заңның аясында халықтың әл-ауқатын арттыруға қарқынды жұмыстар қолға алынды. Конституция Тәуелсіздігіміздің кепілі ретінде бірлігімізді бекемдеп, экономикамызды нығайтуда, әлеуметтің әлеуетін арттыруда берік тұтқаға айналды.

Қадірлі ойылдықтар!

Сіздерді еліміздің ұлық мерекесімен құттықтай отырып, баршаңыздың отбастарыңызға аманшылық, бөреке бірлік тілеймін. Тәуелсіздігіміз тұғырлы, еліміз еңселі, бірлігіміз бекем болғай! Құрметпен, Асқар Қайырғалиұлы Қазыбаев, Ойыл ауданының әкімі

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫ  
МӘСЛИХАТЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ШЕШІМІ  
20 тамыз 2024 жыл № 16 Ойыл селосы

Аудандық мәслихаттың кезекті он алтыншы сессиясын шақыру туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10 бабының 2 тармағына сәйкес ШЕШІМ ЕТЕМІН:

Сегізінші шақырылған аудандық мәслихаттың кезекті он алтыншы сессиясы 2024 жылдың 3 қыркүйегі күні сағат 14.30-ға аудан әкімдігінің мәжіліс залында шақырылсын.

Сессияның күн тәртібіне мына мәселе енгізілсін:

1. Өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалуы туралы аудан әкімі А.Қ.Қазыбаевтың есебі туралы

Баяндамашы: А.Қ.Қазыбаев - аудан әкімі

2. Ойыл ауданы бойынша және ауылдық елді мекендердің электр қуатымен қамтамасыз етудің жайы оны жақсарту шаралары туралы

Баяндамашы: С.С.Қартбаев - «Энергосистема» ЖШС-нің Ойыл аудандық бөлімшесінің басшысы

3. Өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалуы туралы аудандық ішкі істер бөлімі басшысының есебі туралы

Хабарламашы: А.Қангелдин - аудандық ішкі істер бөлімінің басшысы

Аудандық мәслихаттың төрағасы: С.Ф.Займолдин



## БАЛАЛАРДЫ МЕКТЕПТЕР АРАСЫНДА ОНЛАЙН АУДАРУ EGOV.KZ ПОРТАЛЫНДА ҚОЛЖЕТИМДІ

ЕНДІ АТА АНАЛАР МЕН ЗАҢДЫ ӨКІЛДЕР ПОРТАЛ АРҚЫЛЫ БАЛАНЫ БІР МЕКТЕПТЕН ЕКІНШІ МЕКТЕПКЕ EGOV.KZ ПОРТАЛЫНДА ОНЛАЙН АУЫСТЫРА АЛАДЫ. ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ҰЙЫМДЫ ІЗДЕУ ЖӘНЕ ТАҢДАУ ПРОЦЕСІ АТА-АНАНЫҢ ТІРКЕУ ОРНЫ НЕГІЗІНДЕ ШАҒЫН УЧАСКЕ БОЙЫНША ОҢТАЙЛАНДЫРЫЛҒАН.



Ата-аналар мен заңды өкілдер мектепті тек шағын учаскеде ғана емес, сонымен қатар оның қалауына сәйкес келетін жағдайда оның шекарасынан тыс кез-келген басқа жалпы білім беретін ұйымды таңдай алады. Сонымен қатар, жалпы білім беретін ұйымды таңдаған кезде пайдаланушыға таңдалған мектепте қолжетімді оқу тілі көрсетіледі. Жаңа процесс есептен шығару және бекіту талондарының, жеке істі берудің қажеттілігін жояды. Сондай-ақ, өтініш бер-

руші қажет болған жағдайда берілген өтінімді кері қайтарып ала алады.

### КӨРСЕТИЛЕТІН ҚЫЗМЕТ-ТІ АЛУ ҮШІН ПАЙДАЛА-НУШЫҒА:

- eGov.kz порталында авторизациядан өтіп, «Білім» бөліміне өтініз;  
- тізімнен «Орта білім» бөлімін таңдап, «Балаларды мектептен мектепке ауыстыру үшін құжаттарды қабылдауды» таңдаңыз;  
- қажетті жолдарды толтырып, ЭЦҚ көмегімен өтінімге қол

қойыңыз;  
- қызмет нәтижесімен Жеке кабинетте танысуға болады. Қызметтің жаңа функционалы ҚР Оқу-ағарту министрлігінің және ҚР ЦДИАӨМ, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы «Талдау» білім беруді зерттеу және бағалау ұлттық орталығы» АҚ және «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-мен бірлесіп жұмыс істеуінің арқасында іске қосылды.

**Жайнағұл СЕЙДАХМЕТОВА,**  
**«ҰАТ» АҚ Қоғаммен байланыс басқармасы.**

## ОНЛАЙН ПЕРЕВОД ДЕТЕЙ МЕЖДУ ШКОЛАМИ ДОСТУПЕН НА EGOV.KZ

ТЕПЕРЬ РОДИТЕЛИ И ЗАКОННЫЕ ПРЕДСТАВИТЕЛИ МОГУТ ПЕРЕВЕСТИ РЕБЕНКА ИЗ ОДНОЙ ШКОЛЫ В ДРУГУЮ ОНЛАЙН С ПОМОЩЬЮ ПОРТАЛА EGOV.KZ. ПРОЦЕСС ПОИСКА И ВЫБОРА ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ОРГАНИЗАЦИИ ОПТИМИЗИРОВАН ПО МИКРОУЧАСТКУ НА ОСНОВАНИИ МЕСТА РЕГИСТРАЦИИ РОДИТЕЛЯ.

Родители и законные представители могут выбрать школу не только по микроучастку, но и любую другую общеобразовательную организацию вне его границ, в случае если она соответствует их предпочтениям. Помимо этого, при выборе общеобразовательной организации пользователю отображается доступный в выбранной школе язык обучения. Новый процесс исключает необходимость в открытии и прикрепительном талонах, передаче личного

дела. Также заявитель может отозвать поданную заявку в случае такой необходимости. Для получения услуги пользователю необходимо:  
- авторизоваться на портале eGov.kz и перейти в раздел «Образование»;  
- выбрать из списка раздел «Среднее образование», выбрать услугу «Прием документов для перевода детей из школы в школу»;  
- заполнить необходимые поля и подписать заявку с помощью ЭЦП;

- ознакомиться с результатом услуги можно в Личном кабинете.  
Новый функционал услуги был запущен благодаря совместной работе Минпросвещения РК совместно с МЦРИ-АП РК, АО «Национальный центр исследований и оценки образования «Талдау» имени Ахмет Байтұрсынұлы» и АО «Национальные информационные технологии».

**Жайнағұл СЕЙДАХМЕТОВА,**  
**Управление по связям с общественностью АО «НИТ».**

## ӨСІМДІКТЕР КАРАНТИНІ САЛАСЫНДАҒЫ КӨРСЕТЕЛЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР



Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігі агроөнеркәсіп кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Ойыл аудандық аумақтық инспекциясы ММ «Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасының аумағында тасуға карантиндік сертификат беру» және «Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкетуге фитосанитариялық сертификат беру» мемлекеттік қызмет көрсетеді.

«Өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы» ҚР АШМ 2015 жылғы 29 мамырдағы № 4-4/500 бұйрығына 1- қосымшасы бойынша «Карантинге жатқызылған өнімнің ҚР-ның аумағында орнын ауыстыруға карантиндік сертификат» және «Карантинге жатқызылған өнімнің ҚР-нан

тыс жерлерге әкетуге фитосанитариялық сертификат беру» мемлекеттік қызметтерді көрсету қағаз және электрондық форматта жүргізілетінін хабарлаймыз.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Министрліктің Агрөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің аумақтық инспекциялары, оның ішінде «электрондық үкіметтің» [www.e.gov.kz](http://www.e.gov.kz), [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz) веб-порталы арқылы жүзеге асырылады. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері карантиндік сертификат алуға порталға жүгінген кезде – 8 (сегіз) сағат ішінде, фитосанитариялық сертификат алуға порталға жүгінген кезде – 3(үш) жұмыс күн және мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға тегін көрсетіледі.

**ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР:**  
1)осы мемлекеттік көр-

сетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім;  
2)жеке тұлға үшін-жеке басын куәландыратын құжат;  
3)импорттаушы елдің өсімдіктер карантині жөніндегі ұлттық қызметінің өсімдіктер саласындағы талаптары.  
Ойыл ауданы бойынша мемлекеттік қызмет көрсету орнының мекен-жайы: «ҚР АШМ АӨК МИК Ойыл аудандық аумақтық инспекциясы» ММ Ойыл ауданы, Жолмырзаев көшесі № 19, электрондық адресі: [abdullin.b@minagri.gov.kz](mailto:abdullin.b@minagri.gov.kz) тел.8(71332)2-18-21.

Аудан тұрғындарына аудан орталығына карантинге жатқызылған өнімді (бақша өнімдерін, қауын- қарбыз т.б.) карантиндік сертификатсыз облысаралық тасымалдауды жүзеге асырса немесе экспорттаушы елдің ұлттық карантиндік қызметінің фитосанитариялық сертификатынсыз, карантинге жатқызылған, фитосанитариялық тәуекелі жоғары өнім партиясын ҚР-ның аумағына әкеліп сатса 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ӘҚБК 400 бабы 2 және 16 тармақшасы бойынша жеке тұлғаларға - 20, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне - 30, орта кәсіпкерлік субъектілеріне - 40, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне 100 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынатындығын ескертеміз.

**Б.ТӨЛЕПОВА,**  
**Ойыл аудандық аумақтық инспекциясының өсімдік қорғау және карантин жөніндегі бас маманы.**

## ПИЛОТТЫҚ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САНАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ 54 ЕЛДІ МЕКЕНІН ҚАМТИДЫ

БИЫЛҒЫ 20 ТАМЫЗ БЕН 30 ҚЫРКҮЙЕК АРАЛЫҒЫНДА ҚАЗАҚСТАНДА ПИЛОТТЫҚ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САНАҒЫ ӨТЕДІ. БҰЛ КЕЗЕҢ АЯСЫНДА ЕЛІМІЗДІҢ ӨР ӨҢІРІНДЕ ЕКІ АУЫЛДАН ЖӘНЕ БІР ҚАЛАДАН – БАРЛЫҒЫ 54 ЕЛДІМЕКЕН ҚАМТЫЛАДЫ.

Санақты Ұлттық статистика бюросының аумақтық бөлімшелерінің қызметкерлері жүргізеді. Оған заңды тұлғалар, олардың құрылымдық бөлімшелері, шаруа және фермер қожалықтарын қоса алғанда, дара кәсіпкерлер, сондай-ақ ауыл шаруашылығы қызметін жүзеге асыратын ұй шаруашылықтары қатысады.

«Ауыл шаруашылығының пилоттық санағы кемшіліктерді анықтап, негізгі санақ процесін жетілдіруге мүмкіндік береді. Өйткені тәстілеу кезеңінде біз деректерді жинау әдістерін талдап, қолданылатын технологиялардың тиімділігін бағалап, жұмыс процесі кезінде туындауы мүмкін проблемаларды анықтай аламыз. Бұл тәсілдерді түзетуге, кадр даярлығын жақсартуға және 2025 жылғы негізгі ауыл шаруашылығы санағы кезінде ауыл шаруашылығының жай-күйін дәлірек және толық көрсетуге мүмкіндік береді», – деді ҚР Ұлттық статистика бюросының басшысы Мақсат Тұрлыбаев. Санақ сауалнамалары өз бетінше толтыру үшін 20 тамыздан 30 қыркүйекке дейін [sanaq.gov.kz](http://sanaq.gov.kz)



сайтында қолжетімді болады. Сондай-ақ ұй шаруашылықтарына арнайы киінген (ақ қалпақ пен оның жеке басын куәландыратын бәйджи бар) және қолында планшеті бар интервьюерлер келеді. Респонденттерге ауыл шаруашылығында айналысатын экономикалық қызмет түрі, инженерлік-техникалық коммуникациялардың, дербес энергия көздерінің, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымының қолжетімділігі, еңбек ресурстарының, өндірістік жайлар мен

имараттардың болуы, төрт түлік саны, жер учаскелері, органикалық өнім өндірісі туралы және т.б. сұрақтарға жауап беру қажет болады. Пилоттық санақ барысында 29 мың ұй шаруашылығы мен 8 мың кәсіпкерлік субъектісі қамтылады деп жоспарланған. Ауыл шаруашылығы санағы мәселелері бойынша кеңес алу үшін 1446 байланыс орталығына немесе телеграмдағы [statgovkz\\_bot](https://t.me/statgovkz_bot) ботына хабарласуға болады.

«Қазақпарат»

## МАЙМЫЛ ШЕШЕГІ ӨРШІП БАРАДЫ



Үстіміздегі жылдың 14-тамызынан бастап Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы Африканың бірнеше мемлекетінде маймыл шешегі індетінің өршуіне байланысты төтенше жағдай жариялаған еді. Әлемді алаңдатып отырған маймыл шешегі инфекциясы тек Африка елдерінде ғана емес, басқа да мемлекеттерге таралып жатыр. Екі жыл ішінде 100-ден аса елде осы індет тіркелген. 100 мыңға жуық адам жұқтырған індеттің алдын алмаса, өте қауіпті екенін дүйім ел жете түсініп, қатерден қорғану қамына кіріскен.

Маймыл шешегі індетіне мониторинг жүргізу мақсатында елімізге шет елдерден келген азаматтарды бақылау жүзеге асырылады. Өуежайда, теміржол бекеттерінде автомобиль жолдарындағы кедендік бақылау, өткізу пунктерінде арнайы құрылғылар орнатылған. Маймыл шешегінің негізгі симптомдары – дене қызуының көтерілуі, теріде (денеде) түрлі дақтардың пайда болуы. Ауруға қарсы екпе де (вакцина) әлі шығарылмаған. **МАЙМЫЛ ШЕШЕГІ ВИРУСЫН ЖҰҚТЫРМАУДЫҢ АЛ-**

**ДЫН-АЛУ ШАРАЛАРЫ:**  
- Вирус тасымалдаушысы болуы мүмкін жануарлармен жанасудан (байланыстан) аулақ болу;  
- Ауырған адамдармен байланысты шектеу;  
- Вирус жұқтырған адамдармен байланысқаннан кейін қол гигиенасын сақтау;  
- Науқастарға күтім жасау кезінде жеке қорғаныс құралдарын қолдану;

**Ғ.ҚҰБАЕВ,**  
**Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.**

## ЕЛЕНБЕГЕН ЕСКЕРТҮ ЕРТЕҢ ӨКІНІШКЕ ҰРЫНДЫРМАСЫН!

Жылу беру маусымында да өрт оқиғасымен өрттен тараған көмір қышқыл газының улы екендігі айтылып, жазылғанымен әлі де болса салғыттық басым. Атап айтсақ, өткен 2023-2024 жылдардағы от жағу маусымында ауданда тұрғын үй секторында 5 жағдайы, автокөліктің өртену дерегінің 1 жағдайы тіркелді.

**ӨРТТЕРДІҢ ПАЙДА БОЛУЫНА СЕБЕП БОЛҒАН:**  
-2 тұрғындардың от қолдану кезіндегі абайсыздығына;  
-1 қасақана от қою;  
-1тұрғын үйдегі электр желілерінің ақаулығы және пайдалану ережелерінің бұзылуы;  
-1 дайындалып жатқан тамақты қараусыз қалдыру. Тұншықтырғыш газбен (угарный газ) уланудың 1 жағдайы тіркеліп, 2 ересек адам, 4 бала уланды. Сондықтан, қазіргі кезден өрт қаупіне қарсы күрес жүргізіп, оны болдырмаудың мүмкіндіктерін жасап отыруға тиіспіз. 2024-2025 жылдардағы от жағу маусымы басталғанға дейін Ойыл ауданының төтенше жағдайлар бөлімі №18 Өрт сөндіру бөлімінің қызметкер-

лерімен бірлесіп отырып, жылу беру маусымының алдында, аудан бойынша әлеуметтік осал топқа жататын 94 тұрғын үй есепке алынды, ағымдағы жылдың 15 тамызынан 15 қыркүйегі аралығында есепке алынған тұрғын үйлердің өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуына рейдтік жұмыстар жүргізілетін болады. **Осыған байланысты, аудан тұрғындары төменде келтірілген өрт қауіпсіздігі мен өрежелерін қатаң сақтау қажет екендігін ескертеміз!**  
- пеште кептіруге және жанғыш заттар мен материалдарды жинауға жол бермеу;  
- пештердің есіктері ақаусыз және құрылымдардан өртке қарсы бөліктері (шегіністері) болуы тиіс;  
- жарықтары, саңылаулары бар, ақаулы пештерде от жақпау;  
-пеш алдына 500x700 мм, темір қаңылтыр қағу;  
-мұржаны күйеден жылыту кезеңі басталар және одан әрі 3 айда 1 рет тазарту;  
-бензинмен, керосинмен және басқа да тез тұтанатын сұйықтықтармен жағуға болмайды;  
- пештің қызып кетуіне жол бермеңіз;

- жанып тұрған пешті қараусыз және балалардың қарауына қалдырмаңыз;  
- ұйықтамас бұрын пештегі отты жанып біткеніне көз жеткізіңіз;  
-шатырдағы түтін жолдары өтетін түтін құбырлары мен қабырғаларын өктуе қажет;  
-пештен шыққан күл мен қоқысқа су құйылып, арнайы қауіпсіз жерлерге төгілуі тиіс. Сонымен қатар тұрғын үйлеріңізді бір өрт сөндіргіштермен қамтамасыз етулеріңізді сұраймыз, бұл өрт оқиғасы болған кезде тез әрекет етіп өртті сөндіруге көмегін береді, сонымен бірге өзіңіздің және туыстарыңыздың қауіпсіздігі үшін тұрғын үйлеріңізде тұншықтырғыш және табиғи газдың шығуын анықтайтын датчиктерді орнату қажет.

**Қарапайым өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтамағандықтан орны толмас қайғылы оқиғаларға әкеліп соғуы мүмкін, сондықтан ауданымыздың өрбір тұрғынына өрттерден түрлі зардаптар келмес үшін, сақтық шараларын орындау көзек күттірмейтін мәселе екендігін ескертіміз келеді.**  
Ойыл ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

# ДҮНИЕ ДЕГЕН ҰШКАН КҮС...

## (МҰРАТ МӨҢКЕҰЛЫ ӨМІРІНІҢ СОҢҒЫ СӘТТЕРІ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?)

Шалда мен шайыр  
Еділ, Жайық арасы,  
Екі судың саласы,  
Байтақта қалған көп жұртқа,

Арасы болғай панасы.  
Қош, аман бол, жан досым,  
Көкіректегі шыбын жан,  
Кетер де білем шамасы...  
(Мұрат Мөңкеұлы)

Дендердің топырағына таба- ны тиген адамның арнайы тәу етіп баратын орындары жеткілікті. Себебі Жайықты жағалай қонған елді мекендердің қай-қайсысында да өлке тарихының айшықты ізі қалған. Әсіресе жаны ізгі жырқұмар қауым Жарсуат ауылының маңындағы Мұрат Мөңкеұлының ақшаңқан кесесіне соқпай өтпейді. Ал бір кезде ақынның басына мазар орнатпақ түгілі оның қайда жерленгенін білетіндердің өзі саусақпен санарлық еді. Аманатқа адал көнекөз қарттардың арқасында қазақ әдебиетінің айтулы тұлғасы Мұрат Мөңкеұлының қабіріне кеңес заманының өзінде арнайы белгі қойылған.

Ғылымға енді ғана қадам басып, Мұрат мұрасын зерттеу үшін Атырауға алғаш келген сапарымызда-ақ ақын бейітіне барып, рухына тағзым етуді жөн санадық. Шежірелі Жарсуатқа жеткен соң таяу жердегі шағын қорымға қарай жаяулап тарттық. Әдепкі әсердің ешқашан ұмытылмайтыны әмбеге аян. Бәрі де күні кешегідей көз алдымызда сайрап тұр.

— Міне, Мұрат ақын осында жатыр! Жолбасшымыз — Индер аудандық газеті бас редакторының орынбасары, жарғақ құлағы жастыққа тимейтін ел-гезек әріптесіміз Сансызбай Базарбаевтың дауысы елең еткізді. Жол шетіндегі «Ақын Мұрат Мөңкеұлының бейіті» деп жазылған көрсеткіш тақта бірден көзге шалынды. Бейіт қорымның ішінде оқшау тұр. Қабірдің айналасы ұлтаспен қаптапған. Аумағы әжептәуір кең қоршау жасалған. Ескерткіш тақтада ақынның аты-жөні, туған, қайтыс болған жылдары, белгі қоюшының аты-жөні көрсетілген. Ақынның: *Тайсойған, Ойыл, Қиыл, Дендеріміз, Қарабау, мекен еткен жерлеріміз. Сағызды, Топырақшашты баса жайлап, Күзекке қайтушы еді елдеріміз*, — деген бір ауыз өлеңі тасқа қашалып жазылған. Атақты «Сарыарқаның» үзіндісі. Бұл — бейіттің бүгінгі ахуалы. Ал оның ақынның ардақты есімі ақтала қоймаған кездегі қалпы мүлде өзгеше еді.

Осы тұста мынадай сауал туындайды. Қызылқоға ауданының Қарабау ауылында туып-өскен ақынның Индер ауданындағы Жарсуат ауылының сыртында жерленуінің сыры неде? Жалпы, Мұрат Мөңкеұлының өмірбаянында жазылған «1906 жылы Индер ауданының Өрлік ауылында дүниеге келген» деген деректен басқа не білеміз? Ақын ғұмырының кейінгі кездері жайында мәлімет бар ма өзі?

Өз дәуірінде бүкіл Дендер өңіріне белгілі болған шежіреші қарт Кенжеғали Тоғызбаевтың ұлы Жөкес ағамыз өкесінен естіген өңімені былайша өрбітті:

— Осынау өңірге аты мәшһүр Шолақ деген би болыпты. Сөзге шешен, от ауызды, орақ тілді кісі екен. Бегіс Беріштің биі атанған адам. Шолақтың Дүйсенбі, Бейсенбі деген екі ұлы болған. Дүйсенбінің Түймеш деген қызынан өрген перзенттер баршылық. Мына Бөдене

ауылында тұратын Нысанға- лы Құрақов — сол Шолақтың немере қызы Түймештің ұлы. Мұрат ақын жастайынан Шолақ бидің жанында жүреді. Кейін екеуі өте жақын дос-жаран боп кетеді. Шынында да бірі би, бірі ақын, керемет үй-лесіп тұран жоқ па?! Шолақ Мұраттан едәуір үлкен болса да, ақынды өзімен тең санайды. Бұлардың Бейсен деген делбешісі бар екен. Үшеуі көңілдері жарасып, ел аралап, серілік құрып, көп жүрсе керек. Бір думанды отырыстан қайтып келе жатқанда олар: «Тіріде іргеміз бірге болып еді, өлгенде моламыз қатар тұрсын. Кім бірінші дүниеден озса, сол осы жерге қойылысын», — деп серттеседі. Арада жылдар өтеді. Алдымен Шолақ бидің дәм-тұзы таусылып, жарық дүниеден қашсады. Мұрат пен Бейсен оны уәде байласқан жерге әкеліп, арулап қояды.

Ел-жұртқа жастайынан кең танымал Мұрат ақын сал-серілік құрып, Жайықтың арғы бетіндегі Мәмбеттің қаратоқайларына барып тұрады екен. Арғы беттің құмын мекендейтін ағайынды Мәмбет ауылының адамдары деп атайды. Бұл — қазіргі Өрлік аулының тұсы. Сонда ел аралап жүрген ақын аяқ астынан қатты ауырады. Іші түйіліп, бауырын жаза алмай ілбіген күйі Өрліктегі Шалда Қармысұлы деген шеркештің үйіне жетіп жығылады. Шалда Шолақ бимен құдандалы болып келеді. Сол Шалданың Жұмазия дейтін қызы Шолақтың туған ағасы Қарқынбайдың Орынбайының әйелі еді. Қулагин (Есбол) ауылындағы Орынбайдың баласы Сүйеу ақсақал да бұл өңімені растай алады. (Шалданың ұрпағы Марат Байзақовтың кітабында Орынбайдың әйелі Жұмағыз деп көрсетілген. Б.О.)

Шалданың қыс қыстауы да, жаз жайлауы да осы. Өрлік пен Қарағаштың маңын жайлаған бір шоғыр шеркештердің ауылы Шалда ауылы деп аталған. «Би бол, би болмасаң, би түсетін үй бол» дегендей, оның үйі күн ұзаққа қонақтан бір босамайтын көрінеді. Жаны қиналған шақта игі жақсылардың бәрі бас қосатын сол бір қыдыр дарыған шаңырақ есіне түскен Мұрат та ат басын осында тіреген ғой.

— Құдеке, мен қатты ауырып келе жатырмын, — дейді Мұрат қиналып, — науқасымын беті жаман, жүрегім бірдеңені сезеді. Арғы беттегі ауылға жете алатын түрім жоқ. Жаным қалса — қалар, қалмаса... Аманатымды айтайын.. Шолақты білесің ғой. Жан аяспас дос болдық. Бейітіміз бірге болсын деген сертіміз бар еді. Олай-бұлай боп кетсем, сонда жеткіз...

Шалда байғұс «қайдағыны айтапшы», — деп бәйек болып Мұраттың қасында жаны қалмай жүреді. Бірақ ақынның халі сәт сайын нашарлай түседі. Кенет ол үй иесінен шылапшы сұрайды.

Сол жерде Мұрат бір шылапшы толтырып ақ көбік құсады да сылқ ете түседі. Жанына жиналып отырған ауылдың көнекөз ақсақалдары: «Бұл шыққан өлеңнің желі ғой. Мұрат та, өлең де жоқ енді», — деп аһ ұрып,

күңіренісіп кеткен. Сөйтіп, көмейінен жыр саулаған қайран ақын осылайша алпыс үш жасында аяқ астынан жабысқан кеселден ажал құшады. Төңірек түгел құлақтанады. «Ағайынымыздың сүйегін алып кетеміз», — деп Қарабаудан қаратоқай туыстары келеді. Бірақ Шалда: «Мұраттың ақтық демі таусылардан бұрын айтып қалдырған аманаты бар», — деп оларға көнбейді. Сөйтіп, Өрліктегі орыс тамырының біреуінің қайғыын сұрап алып, марқұмның денесін Жайықтың бергі бетіне өткізіп, Шолақ бейітінің жанынан орын сайлайды. Кейін би мен ақынның делбешісі болған Бейсен Сәнкісіұлына да топырақ сол жерден бұйырады.

Осының бәрін майын тамызып өңгімелеген Жөкес аға өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарының аяғында Қазбек ауылдық кеңесінің орталығы болған алтыншы ауылда дүниеге келіпті. Жетінші кластан кейін оқи алмай, еңбекке араласқан. Бірақ құймақұлақ бала өкесінен естіген өлең-жырлармен қызықты хикаяларды зердесіне тоқи берген. Колхозшы, көлік жүргізушісі, мектептің шаруашылық ісінің меңгерушісі, балық аулау бригадирі болыпты.

Кеудесі көл-көсір қазынаға толы көшелі кісі. Мұрат ақынның жырларын жатқа айтып отырғанда бір сөзінен жаңылмайды. Шаршау дегенді білмейді. Еркін көсіледі. Дауысы құлаққа сондай жағымды. Жүзі жылы, жүрегі таза, салмақты адам еді. Көп балалы көрінеді. Сол Жөкес ағам Шалда мен шайырдың хикаясын осылайша баяндап беріп еді. Біз мұнымен шектелмей, Мұрат дүние салғанда қасында болған Шалданың деректерін одан әрі қазбалай түстік.

Шалданың жиені Төлеш Тілекқабұлы Индерборда тұрады екен. 1933 жылы туған. Өте өңгімешіл. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Өрлік пен Жарсуаттағы мектептің мұғалімі, Жамбыл атындағы орта мектептің директоры болып қызмет істепті.

Тіпті аудандық оқу бөлімінде де басқарған. Ол кісінің айтуынша, Шалда патша билігі тұсында сметчик деген қызмет атқарған. Жер бөлінісін қадағалаған. Белгіленген жерді кесіп-пішіп, өлшеп беріп жүрген сияқты. Қазаққа да, орысқа да қадірлі болған деседі. Шалданың бірінші әйелінен Байзақ, Айтбай, Айтмырза деген үш бала туған. Екінші әйелінен Әбіл деген ұрпақ бар. Байзақтың үлкен қызы Бәтима — менің шешем. Сонда біз Сақау шеркеш Шалданың жиені боламыз.

Біреу сағат өңгіме барысында Төкеңнің текті тұлғасын, бекзат болмысын анық аңғарғандай едік. Қателеспепті. Биылғы «Мерейлі отбасы» ұлттық бәйгесінде атыраулық Тілекқабұлытар әулеті бас жүлдены жетіп алғанда тумысынан педагог қайран Төлеш ағамның тәрбиесі текке кетпеген екен ғой деп сүйсіндік.

Бұл әулеттің түп нағашысы Шалда Қармысұлының туған және өмірден өткен кезеңі туралы деректер қолымызға түспей тұр. Оның есесіне қазір Шолақ би 1841 — 1904 жылдарда өмір сүрген деген мәліметтер

түрлі ақпарат көздерінде жарияланып жүр. Бірақ нақты дәйектемелері әлі айқындала қойған жоқ. Ақсақалдардың айтуы бойынша, оның жалсы Мұраттан анағұрлым үлкен сияқты еді.

Айтпақшы, ілгеріде Өрлікте тұратын тоқсаннан асқан ақсақал Үмбетияр Есжанов та Мұратты осы Шалданың үйінде көрдім демеп пе еді?! Демек, ақын ғұмырнамасын толықтыра түскіміз келсе, Шалда шеркештің төңірегін әлі де қаузытпай боламыз.

**БЕЙІТ ПЕН БЕЛГІ**

*Сұр жорға аттың сүргіні,  
Қағыл жердің үргіні.  
Ақ төстері аңқиып,  
Қараша қайтар күз күні.  
Қызыл тілім қырмызы,  
Уақыт келсе Алладан,  
Алып кетер бір күні...*

(Мұрат Мөңкеұлы)

Біз осы жолы Жөкес Кенжеғалиевтен Мұраттың басына алғаш қойылған белгінің де жай-жапсарын сұрадық. Оның үстіне өзіміз арнайы барып көрген соң көңіліміз толып, қиын-қыстау кезеңге тәуекелге бел бұған азаматтар жөнінде молырақ мәлімет алуға құмартақанымыз рас еді. Жалпы, Мұрат ақынның басындағы ескерткіш-белгіні тоқыраудың тоңы жібімей тұрған кезеңде Бердеш Есбосынұлы деген азаматтың өз қаржысына орнатқаны жөнінде бұрынырақта естігеніміз бар-ды. Әкімшілдік-өміршілдік жүйенің қаһарынан қаймықпай, Мұраттың есімін сүйсініп еске алғаны үшін есеп беруге тура келетін өсіресек заманда ақынның басын қарайту ерлікке барабар екені белгілі. Біз сұхбаттасқан Құрылыс ауылының тұрғыны Жөкес Кенжеғалиев Бердеш Есбосынұлының немере ағасы екен. Ескерткіш-белгіні орнатуға бұл кісінің де тікелей қатысы бар көрінеді.

— Мен 1928 жылы туғанмын. Біз Беріштің Қаратоқай аталығынан тараған Шындеке деген руданымыз, — деп сөзін жалғады Жөкес. — Менің әкем Кенжеғалидың әкесі — Тоғызбай, оның әкесі — Тоқан, оның әкесі Шыман. Кенжеғалидың Есмағамбет, Есбосын дейтін ағалары болған. Бердеш — сол Есбосынның баласы. Әкем екі ағасына еркелеп, еркін өскен. Атамыз Тоғызбай ақсақал да «Баланың кенжесі ыстық, мұның бетіне қақпандар», — деп әкемді ағаларына аманат етіп тапсырған. Сөйтіп, екі ағасы шаруаға айналып, әкем салсерулік құрып, ел аралап жүре берген. Әкем: «Мен Мұрат өлеңдерін білгенімнің арқасында қыз-қырқынның ортасына еркін араласып кетуші едім. Ақынның жырларын жаттап алып, Құрмас деген жерде болған сегіз жиынға қатыстым. Кәдімгі Мұраттың өзі: Базарбай, Қабыршақты, Күнен, Құрмас, Адыра құдық еді, суы сырлас. Арқада ат шаптырып, ақ үй тігіп, Дедің бе, әлде бізді кеңес құрмас, — деп жырта қосқан Құрмас қой», — деп айтып отырарын.

Бір күні әкем Бердеш екеуімді шақырып алды. Мен шопырым. Бердеш Тайсойғанда дүкенші болып істейтін еді. «Осы қаражат дегенді кез-келген жерде шашып жүрсіңдер ғой. Менің көзім тіріде Мұрат ақынның басына белгі қойыңдар. Үкімет қолдаса — қолдар, қолдасамас — ештеңелерің кетпес.

Бұл маңайда Мұраттың қайда жерленгенін менен басқа білетін кісі қалған жоқ. Ертең олай-бұлай боп кетсем, көп нерсені жоғалтып аласыңдар. Белгі деген не тәйірі, екеуің екі айлық жалақыларыңды қисаңдар болды ғой», — деп қамшылай сөйледі. Содан соң маған қарап: «Машинаң жүріп тұр ма, бала?», — деп сұрады. Әкей Бердеш екеуімді Мұрат бейітіне бастап апарып, ақын өлеңдерінде кездесетін жерсу атауларына шетінен түсінік беріп, бірқатарын аралатып көрсетті.

Ақынның бейіті бір кезде кереге төрт құлақты болғаны байқалады. Түгелге жуық опырылып құлап қалыпты. Басынша ешқандай белгі жоқ. Уақыт оздырмай Бердеш екеуім ақылдастық та, Атырауда тұратын немере ағамыз Бейсен Есмағамбетовке жолықтық. Ол кісі «Облпелхозтехника» мекемесінің құрамындағы азаматтарға қандай құрмет көрсетсе де лайық емес пе?! Кезінде Мұрат мұрасын ұлықтауға арналған шараларға олар қадірлі қонақ ретінде шақырылып жүрді.

Біз бұл екі ағамызбен 1992 жылғы 7 наурыз күні өңгімелесіппіз. Тәуелсіздік алғанымызға жыл да толмаған кез. Нарықтың қыспағы біртіндеп жақындап келе жатқанына қарамастан елдің рухы жоғары еді. Арыстардың ақталған тұсы. Әдебиеттегі ақтандарды жаппай зерттеу басталды. Жас ғалымдарға бір-бір тұлғаның шығармашылық өмірбаянының жоқ-жітігін түгелдеу міндеті жүктелді. Біздің де Жайықтың екі жағын жағалап, тірнектеп мұра жинап жүргеніміздің себебі осы болатын. Ескі заманның өңгімелеріне жетік ақсақалдар көп еді ол мезгілде. Олар Мұрат жырларын шетінен жатқа айтатын. Сол сұңғыла шалдардың зердесі мен зейінінің арқасында Мұрат ғұмырнамасын бір ізге түсіргендей болдық. Ардақты ақынның тал бесіктен жер бесікке дейінгі өмірлік сапарының бірқатар сәттерін қағазға хаттадық. Әсіресе, ақын тіршілігінің соңғы жылдары хақындағы естеліктер өте маңызды еді. Осыған қатысты біраз мәлімет жинақтадық.

Шолақ би мен Шалда шеркеш туралы айттық. Енді Шолақ бидің жанына жерленген үшінші досты да ұмытпағанымыз жөн.

Естүмізіше, ақын мен бидің делбешісі Бейсен Сәнкісіұлы соңында өнегелі ұрпақтары қалған сияқты. Олардың айтуынша, Бейсен тіпті жай делбеші емес, балуан болған деседі. Демек, Мұраттың тағы бір серігінің өмір деректеріне тереңірек үңілу керек. Тіпті, антқа адал, сертке сенімді болған Шолақ — Мұрат — Бейсен үштігіне арнап ескерткіш тұрғызса да болар еді. Сондай-ақ, оның бейіт маңында болуы да шарт емес. Достық ұғымы осылайша дәріптел- мек.

Мұрат ақынның басына белгі орнатып, кейін бүкіл жұрт тағзым ететін көрнекті кесененің салынуына жол ашқан Бердеш Есбосын та, Жөкес Кенжеғалиев те қазір өмірде жоқ. Рухы шат болсын асыл ағаларымыздың!

**Бауыржан ОМАРҰЛЫ**

оиланып, «Әлде алпыс екінші жыл ма екен а? Жо-жоқ, олай емес, алпыс төрт деп жазшы», — деді нық сеніммен. Әр сөзін әрлеп-зәрлеп айтатын Жөкес ағаның үйінен ризашылықпен аттандық.

Бұл сапарымызда Жарсуат жұмысшылар кооперациясының төрағасы болып қызмет істейтін Бердеш Есбосынұлы да жолықтық. Ақсары, келбетті кісі екен. Ғылымдағы әдепкі қадамын апыл-тапыл басып жүрген бізді баласынған жоқ, бірден шаңырағына шақырды. Жақсы ағаның үйінде жата-жаста ана өңгімелестік. «Өй-теуір ешкім соңымызға түсіп, қудалай қоймады. Бәкім, бізді ақынның әруағы қолдаған шығар», — дейді Бердекең. Мұрат бейітінің қайда екені қалың қазаққа белгісіз болып қалуы қауіп төнгенде ақсақалдың аманатын аяқ асты етпей, партбилеттен айырылып қаламын деп қорықпай, тәуекелмен үлкен іс тындырған осындай азаматтарға қандай құрмет көрсетсе де лайық емес пе?! Кезінде Мұрат мұрасын ұлықтауға арналған шараларға олар қадірлі қонақ ретінде шақырылып жүрді.

Біз бұл екі ағамызбен 1992 жылғы 7 наурыз күні өңгімелесіппіз. Тәуелсіздік алғанымызға жыл да толмаған кез. Нарықтың қыспағы біртіндеп жақындап келе жатқанына қарамастан елдің рухы жоғары еді. Арыстардың ақталған тұсы. Әдебиеттегі ақтандарды жаппай зерттеу басталды. Жас ғалымдарға бір-бір тұлғаның шығармашылық өмірбаянының жоқ-жітігін түгелдеу міндеті жүктелді. Біздің де Жайықтың екі жағын жағалап, тірнектеп мұра жинап жүргеніміздің себебі осы болатын. Ескі заманның өңгімелеріне жетік ақсақалдар көп еді ол мезгілде. Олар Мұрат жырларын шетінен жатқа айтатын. Сол сұңғыла шалдардың зердесі мен зейінінің арқасында Мұрат ғұмырнамасын бір ізге түсіргендей болдық. Ардақты ақынның тал бесіктен жер бесікке дейінгі өмірлік сапарының бірқатар сәттерін қағазға хаттадық. Әсіресе, ақын тіршілігінің соңғы жылдары хақындағы естеліктер өте маңызды еді. Осыған қатысты біраз мәлімет жинақтадық.

Шолақ би мен Шалда шеркеш туралы айттық. Енді Шолақ бидің жанына жерленген үшінші досты да ұмытпағанымыз жөн.

Естүмізіше, ақын мен бидің делбешісі Бейсен Сәнкісіұлы соңында өнегелі ұрпақтары қалған сияқты. Олардың айтуынша, Бейсен тіпті жай делбеші емес, балуан болған деседі. Демек, Мұраттың тағы бір серігінің өмір деректеріне тереңірек үңілу керек. Тіпті, антқа адал, сертке сенімді болған Шолақ — Мұрат — Бейсен үштігіне арнап ескерткіш тұрғызса да болар еді. Сондай-ақ, оның бейіт маңында болуы да шарт емес. Достық ұғымы осылайша дәріптел- мек.

Мұрат ақынның басына белгі орнатып, кейін бүкіл жұрт тағзым ететін көрнекті кесененің салынуына жол ашқан Бердеш Есбосын та, Жөкес Кенжеғалиев те қазір өмірде жоқ. Рухы шат болсын асыл ағаларымыздың!

**Бауыржан ОМАРҰЛЫ**

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпараттық комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

**Ойыл**

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі  
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров  
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат  
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Тарапымы 1206 дана. Тапсырыс 1090 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

**«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды.**  
**Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2.**  
**Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.**

**АҚНИЕТТІН КЕЗЕКТІ ЖЕҢІСІ!**

ҚАЛАЛЫҚ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНДЕ БАЙҒАНИН АУДАНЫ ӨКІМДІГІНІҢ ҚОЛДАУЫМЕН АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ 155 ЖЫЛДЫҒЫ, ҚАЗАҚСТАН КОМПОЗИТОРЛАР ОДАҒЫНЫҢ 85 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ «ЕРЕН ЕҢБЕГІ ҮШІН» МЕДАЛИНІҢ ИЕГЕРІ, ҚР МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНЫҢ ҮЗДІГІ, «ДАЛА ДАУЫСЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ ОРАЛ-ҚОСАЙ БАЙСЕҢҒІР ШЫҒАРМАЛАРЫНА АРНАЛҒАН «ЖЕМ-САҒЫЗДЫҢ ӨН САМАЛЫ» АТТЫ ІІ-АЙМАҚТЫҚ ДӘСТҮРЛІ ӨН БАЙҚАУЫ ӨТТІ.



ІІ кезеңнен тұратын байқауға Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау, Батыс Қазақстан, Қостанай, Қызылорда облыстарынан таңдаулы талапкерлер қатысты. Біздің облыстың атынан қатысқан халықтық «Шапағат» Ешпановтар отбасылық ансамблінің мүшесі Ақниет Боранбайұлы бас жүлдемен қатар 500 000 теңгелік сертификатты қанжығасына байла-

ды. Өнерімен өрге жүзіп, Ойылдың даңқын әлемге шығарып, биік белестерден көрініп жүрген Ақниеттің өнерін қазылар алқасының мүшесі Алдаберген Жақсыбаев жоғары бағалады. Кәсіби өнші Ақниеттің талантына бас иіп, Ойылдың ғана емес, облыстың даңқын әлі талай аспандататынына сенімді.

**ДӘСТҮРЛІ ИГІ ІС**

Жылда дәстүрлі түрде өтетін республикалық «МЕКТЕПТЕК ЖОЛ» АҚЦИЯСЫ АУДАНДА ҚАРҚЫНДЫ ӨТУДЕ. ТУҒАН ЖЕРІНІҢ НАҒЫЗ ПАТРИОТЫ, ҚАЙ КЕЗДЕ ДЕ АУЫЛДАСТАРЫНЫҢ ЖАНЫНАН ТАБЫЛАТЫН ЖЕРЛЕСІМІЗДІҢ ОСЫ ЖОЛЫ ТАҒЫ ДА ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҒЫНА КУӘ БОЛЫП ОТЫРҒАН ЖАЙЫМЫЗ БАР.

«Жақсының жақсылығын айтып, нұры тасысын!» демекші, балалардың болашағына алаңдап, олардың мектепке қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілуіне ықпал етіп, демеушілік көрсеткен облыстық мәслихат депутаты, «АНВАР» ЖШС директоры Талғат Салфиқов биылда жомарттық танытып, аудан бойынша 1 сыныпқа баратын

350 оқушыға мектеп сөмкесі мен оқу құралдар жиынтығын тарту етті. Бұл дәстүрлі игі іс биыл 4-ші рет жалғасын табуда.

**P.S. МЕЦЕНАТ АҒАМЫЗДЫҢ ЖОЛДАҒАН ТАРТУЫ АУДАНДЫҚ БІЛІМ БӨЛІМІНЕ ЖЕТКІЗІЛДІ. ӨЗ КЕЗЕГІНДЕ ОҚУШЫЛАРҒА БІЛІМ КҮНІ ТАБЫСТАЛМАҚ.**

Г.БАЙҚЫЗЫ



**МЕДИЦИНА САЛАСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ҰСЫНЫС-ПІКІРЛЕРІ ТЫҢДАЛДЫ**

ӨТКЕН ЖҰМА КҮНІ АУДАНЫМЫЗҒА ЖҰМЫС САПАРЫМЕН МЕДИЦИНА САЛАСЫНЫҢ АРДАҒЕРІ, ОБЛЫСТЫҚ ҚАЗАҚ ТІЛІ ҚОҒАМЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ РОМАН РАХИЕВ ПЕН ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТЫ, АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫ ЖАНЫНДАҒЫ ӨЛЕУМЕТТІК САЛА БОЙЫНША ТҰРАҚТЫ КОМИССИЯНЫҢ ТӨРАҒАСЫ АЙГҮЛ ДҮЙСЕНОВА КЕЛДІ.



Алдымен Саралжын ауылдық округіне қарасты Бестамақ медициналық пунктінде болып, мекеменің материалдық-техникалық базасын қарап, қызметкерлерімен тілдесті. Өзі қарай Ойыл аудандық аурухана қызметкерлерімен жүздесті. «Облыстық мәслихат төрағасының шешімімен жұмыс тобы құрылды. Жұмыс тобының ішінде мәслихат депутаттары мен медицина саласының ардагерлері бар. Келген мақсатымыз алдағы сессияға «Медициналық қолжетімділік пен сапасы» деген бір сұрақ қойған болатынбыз. Осы сұрақ аясында барлық медицина ұжымдарын аралап, бүгінгі таңдағы денсаулық сақтау саласының жағдайын көру, танысу. Алдағы сессияға шешім шығару», - деп атап өтті Айгүл Дүйсенова. Отырыс барысында аудандық аурухананың бас дәрігері, аудандық мәслихат депутаты, өлеуметтік сала бойынша тұрақты комиссия төрағасы Сәндібек Нұрбаев хабарлама

жасап, аудан бойынша денсаулық сақтау саласын дамыту бағытында атқарылған жұмыстарды баяндады. Ең әуелі бас дәрігер аудандағы кадр тапшылығы жайына тоқталды. Сондай-ақ Ойыл ауданындағы елді-мекендер бойынша күрделі жөндеу және қайта салу қажет ететін ғимараттар салу және аудандық аурухана жанынан бөлек орналасқан инфекциялық бөлімше және жабдықталған мейітхана ғимаратын салу жөніндегі ұсынысын жеткізді. Кездесу барысында түскен ұсыныс-пікірлер талқыланды. Іс сапар барысында ауданымыздағы медицина саласының ардагері Амангос Қисықовтың үйіне барып, қал-жағдайын сұрасты. Облыстан келген делегаттарымыз Ойыл селосында су тасқынынан зардар шеккендерге арнайы салынып, пайдалануға берілген 21 үйдің салтанатты табысталуының куәгерлері болды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

**БІЛІМ КҮНІ – ҮЛКЕН ҮМІТ КҮНІ**

Санаулы күндерден соң бірінші қыркүйек... Сары күздің ең алғашқы күнінде мектептердің есігі миллиондаған оқушылар үшін айқара ашылмақ. Біреулер үшін кезекті оқу жылының басталуы болса, енді бірінің тула бойы тұңғышының мектеп қабырғасын аттап, жаңа бір белеске қадам басыу.

1 қыркүйек біздің еліміз ғана емес, көптеген мемлекет үшін маңызы зор мереке, яғни Білім күні. Бұл – ерекше, жарқын, көңілді және ізгі мереке. Жылдың осы күнінен бастап білім әлеміне деген құрделі, сонымен қатар қызықты жол басталады.

Білім күні – жарық мереке, кітап мерекесі, гүлдер, достар мерекесі. Білім күні – бұл ең алғаш қоңырау, көп әсем гүлдер және ақ бантик күні, әрине, дәстүрлі ең алғашқы сабақ, әлем сабағы. Мектеп табалдырығын ең алғаш рет аттаған балалар мен олардың ата-анасы үшін бұл күн өте маңызды, көптен күткен күн.

Қоңыр күздің алғашқы күні асқақ армандарын арқалап, мектеп табалдырығын аттағалы отырған балдырғандар мен жиган білімдерін тереңдету тусу үшін еліміздің барша оқушылары алтын ұя мектебіне оралады. Бұл күн таңертеңмен қолдарына шоқ-шоқ гүлдерін алып, мектепке асыққан кіпкішентай бүлдіршіндерді көрудің өзі бір

ғанибет.

Бұл мереке кейбір азаматтардың мектеп қабырғасын, колледж және жоғары оқу орындарына барған күндеріне еске түсірумен сипатталса, жас мұғалімдердің алғашқы жұмыс күні әсері мен толғанысын айғақтайтын ұмытылмас сәттерімен есте қалады. Білім беру мекемелерінің педагогтары мен жетекшілері табалдырық аттағалы тұрған оқушылар мен тәрбиеленушілерді қарсы алады, бұл күн тек атаулы мереке ғана емес, бұл біздің еліміздің болашағы тәуелді болған қызу қайнаған, жауапты кезең бастамасы. Бұл күн, әсіресе, 1-сыныпқа аяқ басқан бүлдіршіндер үшін аса маңызды. Дәл осы күннен бастап, алғашқы қоңырау үнімен бірге, әр адам өмірінің жеке тұлға және азамат ретінде қалыптасу кезеңі басталады.

Әрбір адамның өміріне ерекше әсер қалдыратын бұл күн еліміздің барлық тұрғындарының басын біріктіреді. Мектеп табалдырығын аттауға асыққан бірінші сынып оқушылары, өзі армандаған мамандыққа қол жеткізген ЖОО-ға мақтанышпен келген мектеп қабырғасын жаңа ғана аяқтаған түлектер, осы күнді бірнеше рет бастан кешіп отырған ата-аналар. Не десең те, бұл күн соңғы қоңырау секілді баршамызға ыстық екені анық.



**Құттықтау**

**АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРҒЫНЫ, «ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ», ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ, ПОЛИЦИЯ ПОЛКОВНИГІ, ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ ЕЛЕМЕС ЕРБАЗЫҰЛЫ ШОТАНОВҚА!**

Аса құрметті, Елемес нағашы! Біз сізді қазыналы 70 жасқа толуыңызбен құттықтаймыз. Сіз саналы ғұмырыңызды тәртіп сақтау саласына жұмсадыңыз. Біздер сіздей нағашымыз болғанына қуанамыз, сіз арқылы мақтанамыз. Сізге зор денсаулық тілей отырып, Алла Тағала балдарыңыздың қызығын көруге жазсын, Клара апаймен бірге 100 жасаңыз.

**Игі тілекпен: Жиендерің Жайлыбаевтар әулеті.**

**АДАМ ПАПИЛОМА ВИРУСЫНА ҚАРСЫ ВАКЦИНАЦИЯЛАУДЫҢ МАҢЫЗЫ**



Адамның папилломасы вирусына жеке вирус емес, олардың түгелдей тобы жатады. Бұл вирустың 200-ден астам штаммы бар екенін ескеру маңызды. Сондықтан адам папилломасы вирусының штамдары неше түрлі сүйелдер түрінде терінің және шырышты қабаттардың әртүрлі зақымдануын тудыруы мүмкін, сондай-ақ инфекция нәтижесінде дамиды жалпақ және сүйір сүйелдері терінің әртүрлі жерлерінде, аногенитальды аймақта, ауыз қуысында, бронхтарда және жоғарғы тыныс жолдарында, тік ішекте және т. б., пайда болады, сондай-ақ осы вирустың кейбір штамдары қатерлі ісік ауруын тудырады, бұл уақыт мәселесі (осындай 40 түрі белгілі). АПВ адамнан адамға тұрмыстық байланыс арқылы беріледі, бұл басқа адамдардың гигиеналық заттарын пайдалану, жеке гигиенаны бұзудан болады, өйткені АПВ тырнақ астында ұзақ уақыт сақталуы мүмкін, содан кейін адам инфекцияны тасып, өзіне-өзі жұқтыруы мүмкін, бірақ көбінесе инфекция жыныстық жолмен жұғады. Жатыр мойны обыры 80% АПВ тудырады.

алдын алудың ең тиімді әдістерінің бірі болып табылады. Gardasil вакцинасының құрамы мен өсері Gardasil вакцинасы адам папилломасы вирусының төрт негізгі түрінен қорғайды: АПВ-16 және АПВ-18: вирустың бұл екі түрі жатыр мойны мен аногенитальды аймақтардың қатерлі ісіктерінің шамамен 70%, сондай-ақ тамақ ісіктерінің көпшілігіне әкеледі. АПВ-6 және АПВ-11: вирустың бұл екі түрі жыныстық сүйел жағдайларының шамамен 90% - за жауап береді. АПВ жұқтыру қаупін барынша азайту үшін жыныстық белсенділік басталғанға дейін вакцинацияны бастаған жөн.

**ҚОСЫМША ҚҰРАМЫНДА:** Натрия хлорид, L-гистидин, полисорбат 80, натрия борат, вода для инъекции. 3. Тиімділігі: Gardasil вакцинасы АПВ инфекциясының және онымен байланысты аурулардың алдын алуда тиімді екенін дәлелдеді. Ол сондай-ақ вирустардың бірін жұқтырған адамдарда да АПВ тудыратын аурулардың деңгейін төмендетуде тиімді екенін көрсетті. Gardasil вакцинасы адам папилломавирусымен және онымен байланысты аурулармен инфекцияның алдын алудың күшті құралы болып табылады. Тұрақты вакцинация жатыр мойны, анус, тамақ, жыныс құрттары және АПВ-мен байланысты басқа аурулардың даму қаупін азайтады. Егер сізде АПВ вакцинациясы туралы сұрақтарыңыз болса, оларды дәрігермен талқылау маңызды.

Республика бойынша вакциналау науқаны бір уақытта басталады. Қазір біздің алдымызда жыл соңына дейін медицина қызметкерлерін дайындау, қоғамға толық ақпарат беру міндеті тұр. 2024 жылдың 3 тоқсанынан бастап, яғни қыркүйек айынан бастап қыз балаларды вакцинациялау жұмыстарына, егер иммунитет күшті болса, онда ол вирусты өздігінен оңай жеңе алады және бірнеше жыл ішінде оны денеден «ығыстырып шығарады». Бірақ сонымен қатар қайта жұқтыруы немесе басқа штаммен ауруы мүмкін.

**Жұлдыз МОЛДАШҚАЛИҚЫЗЫ,** Ойыл аудандық ауруханасының дәрігер эпидемиологі